**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 27 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3995. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 223 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы* N 223 *(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен* .

---

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеуді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 23-26, 28-29-тармақтарының қолданылуы жинақтаушы зейнетақы қорлары және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары үшін 2006 жылдың 1 шілдесінен бастап туындайтын қарым-қатынастарға қолданылады. 2006 жылдың 1 шілдесіне дейін Ереженің 23-26, 28-тармақтарында көрсетілген ақпарат қағаз тасымалдаушысында Ережеде белгіленген тәртіппен Агенттікке ұсынылады.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінің күші жойылды деп танылсын.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу

шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті көрсететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі ( Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2005 жылғы 26 қарашадағы
N 412 қаулысына 1-қосымша

## Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларды сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтерді белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) ұйым - зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры;

2) зейнетақы активтерінің шартты бірлігі - жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің оларды ұйым инвестициялық басқару нәтижесіндегі олардың өзгерістерінің сипаты үшін пайдаланылатын және осы Ережеге сәйкес есептелетін үлестік өлшемі;

3) қор - жинақтаушы зейнетақы қоры;

4) "таза" зейнетақы активтері - қордың оның зейнетақы активтеріне қатысты

міндеттемелерін (зейнетақы төлемдері, басқа қорларға аударымдар жөніндегі міндеттемелерді және басқа да ұқсас ықтимал міндеттемелерді) шегеріп тастағандағы зейнетақы активтері.

## 2-тарау. 1-пруденциалдық норматив "Өз капиталының жеткіліктілігі"

3. Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі күнделікті мәні 1-ден кем болмайтын $К_1$ коэффициентімен сипатталады.

$К_1$ коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$К_1$ = (ӨА - М)/МКЕАМ, онда

ӨА - осы Ереженің 4 және 5-тармақтарымен белгіленген өтімді және басқа активтер;

М - міндеттемелер;

МКЕАМ - мына формула бойынша есептелген меншікті капиталдың ең аз мөлшері:

МКЕАМ = (ЗААҚ * k)* 0,10, онда

ЗААҚ - зейнетақы активтерінің ағымдағы құны,

k - мына формула бойынша есептелген кредиттік тәуекел коэффициенті:

$$k = \frac{\Sigma\ (\text{қаржы құралының ағымдағы құны * дефольта коэффициенті})}{\text{қаржы құралының ағымдағы құны}}$$

Дефольта коэффициентінің мәні осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген.

4. Ұйымның мына активтері өтімді активтер болып табылады:

1) ақша, оның ішінде:

баланс бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын кассадағы ақша;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің шоттарындағы ақша;

"А" санатынан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "А2" санатынан төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингісі бар резидент емес-банктер шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында операцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдарға банктік қызметті көрсететін резидент емес-ұйымдар шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) Бағалы қағаздары қор биржасының ең жоғары санаты бойынша ресми тізімге енгізілген немесе еншілес резидент банктер болып табылатын, мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып "A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар резидент емес енші беруші банктердің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары;

3-1) ықтимал шығындардың резервтерін шегеріп тастағандағы, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын есепке ала отырып "A" санатынан төмен емес (" Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2" санатынан төмен емес ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингісі бар резидент емес-банктердегі салымдар;

4) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес айналысқа ақша шығарған);

5) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып қор биржасының ең жоғары санаты бойынша ( қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және " Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигацияларынан басқа) ресми тізімге енгізілген ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

6) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының ипотекалық облигациялары;

7) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының инфрақұрылымдық облигациялары;

8) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының облигациялары;

9) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары;

10) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

11) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып борыштық бағалы қағаздары "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" (" Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары;

12) "BB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы немесе шетел мемлекеттерінің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналыста жүретін Қазақстан Республикасының "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "KzA" рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және мүмкін жоғалтудың резервтерін шегергендегі "BB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтингтік бағасы немесе шетел мемлекеттерінің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналыста жүретін Қазақстан Республикасының " Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "KzA" рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары;

13) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;

14) тазартылған қымбат металдар;

15) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі елу процентке кемітілген ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайлары;

16) қор биржасының ең жоғары санатынан кейінгі (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, елу процентке кемітілген негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар) Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

16-1) бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың, бағалы қағаздар орталық депозитарийінің және акционерлері бағалы қағаздар

рыногының кәсіпқой қатысушылары болып табылатын, бағалы қағаздар рыногы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын өзге заңды тұлғалардың ықтимал шығындардың резервтерін шегеріп тастағандағы, елу процентке азайтылған акциялары;

17) ұйымға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын ( мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып), қызметкерлер мен басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі, оның ішінде:

ұйымға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын, ұйымның балансы бойынша активтер сомасының жиырма процентінен аспайтын мөлшердегі шарт талаптары бойынша үш күннен аспайтын мерзімге кешіктірген қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып);

ұйымға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын, ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі шарт талаптары бойынша тоқсан күннен аспайтын мерзімге кешіктірген, елу процентке кемітілген, қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі ( мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып).

*Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы* N 123 *қаулысымен* .

5. Басқа активтер ретінде ұйымның мынадай активтері танылады:

1) ұйымның баланстық құны бойынша негізгі құрал-жабдықтар, оның ішінде:

ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі немесе тұрақты пайдалану құқығындағы жер;

ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі үйлер және ғимараттар;

ұйымның балансы бойынша активтер сомасының бес процентінен аспайтын мөлшердегі меншігіндегі машиналар мен жабдықтар;

2) бағдарламалық қамтамасыз ету - ұйымның балансы бойынша активтер сомасының он процентінен аспайтын мөлшердегі баланстық құны бойынша.

## 3-тарау. 2-пруденциалдық норматив "Зейнетақы активтерінің кірістілігі"

6. Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған зейнетақы активтерінің кірістілігі мына формула бойынша есептелетін К2 номиналды кіріс коэффициентімен сипатталады:

$$K2 = \left(\frac{\bar{C}_t}{\bar{C}_0} - 1\right) \times 100,$$ бұл жерде

$\bar{C}_t$ - қордың есепті күнтізбелік айда ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Ереженің 7-тармағына сәйкес есептелген орташа құны;

$\bar{C}_0$ - қордың отыз алты ай бұрын ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Ереженің 7-тармағына сәйкес есептелген орташа құны.

7. Қордың қандай да болмасын айда ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны осы қордың осы айдың әрбір күнтізбелік күнінің соңында осы ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Ереженің 8-тармағына сәйкес есептелген орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі.

8. Қордың қандай да болмасын күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құнын ұйым мына формула бойынша есептейді:

$$Ci = \frac{ПАi}{УЕi},$$ бұл жерде

Ci - қордың осы күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны;

ПАi - қордың осы күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің осы Ереженің 9-тармағына сәйкес есептелген ағымдағы құны;

УЕi - қордың осы күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің осы Ереженің 10-тармағына сәйкес есептелген шартты бірліктерінің жалпы саны.

9. Қордың қандай да болмасын күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Ереженің 11-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

ПАi = ПА(i - 1) + Вi + Тi+ Д + Иi + Пi1 + Пi2 - Нi1 - Нi2 - КВi, бұл жерде

ПА(i-1) - қордың өткен күнтізбелік күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

Вi - осы күні қорға түскен зейнетақы жарналары;

Тi - осы күні қорға түскен басқа қорлардан аударылған зейнетақы активтері;

Дi - қордың зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық табыс;

Иi - қордың инвестициялық шотындағы қалдық бойынша осы күні кастодиан-банк төлеген сыйақы (мүдде);

Пi1 - зейнетақы жарналарын уақытында төлемегендік үшін қордың осы күні алған өсімі;

Пi2 - зейнетақы активтерін уақытында инвестицияламағандық үшін қордың осы күні алған өсімі;

Нi1 - осы күні қордан есептелген зейнетақы төлемдері, қордан басқа қорларға жасалған аударымдар және қордың инвестициялық шотына қателесіп түскен сомалар бойынша міндеттемелер (қор және оған қызмет көрсететін кастодиан-банк түскен күні қателесіп түскен деп таныған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және қордың салымшыларының/зейнетақы төлемдерін алушылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

Нi2 - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

КВi - қордың және ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.

10. Қордың қандай да болмасын күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі (осы Ереженің 11-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$УЕi = УЕ(i-1) + \frac{Вi + Тi + Пi1 - Нi1 - Нi2}{С(i-1)},$$ бұл жерде

УЕ(i-1) - қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны;

С(i-1) - қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

11. Қордың зейнетақы активтері ұйымның инвестициялық басқаруына бастапқы түскен кезде (осы Ереженің 12-тармағында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) осы қордың зейнетақы активтері инвестициялық басқаруда болып табылған бірінші күннің соңына Сi, ПАi және УЕi көрсеткіштерінің есебі мынадай мәндерге сүйене отырып жүзеге асырылады:

1) С(i-1) - 100 теңге;

2) ПА(i-1) - қордың ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

3) УЕ(i-1) - қордың ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын 100 теңгеге бөлудің нәтижесі.

12. Қордың зейнетақы активтерін бір ұйымнан екіншісіне инвестициялық басқаруға өткізген кезде осы қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеу үзілмейді және оның зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қабылдаған ұйым жүзеге асыруды жалғастыра береді.

13. $К_2$ коэффициентін ұйым тек зейнетақы активтері осы немесе басқа ұйымдарда отыз алты және одан көп айда инвестициялық басқаруда болған қорларға ғана қатысты аталған мерзім ішінде мынадай оқиғалардың болғандығына не болмағандығына қарамастан есептейді:

1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға осы ұйымға берілген лицензияны қолдануды тоқтата тұру;

2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға осы ұйымның инвестициялық басқаруындағы $К_2$ коэффициентін есептеу күніне қордың зейнетақы активтері инвестициялық басқаруда болған басқа ұйымға берілген лицензияны қолдануды тоқтата тұру;

3) зейнетақы активтерін тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қорға берілген лицензияны қолдануды тоқтата тұру;

4) қордың зейнетақы активтерін бір ұйымнан екіншісіне инвестициялық басқаруға өткізіп беру.

14. Ұйымдар ұсынған $К_2$ коэффициенті есептерінің негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) осы Ереженің 15-тармағына сәйкес ай сайын мыналардың мәндерін есептейді және ағымдағы айдың он бесінен кешіктірмей уәкілетті органның web-сайтында жариялайды:

1) осы Ереженің 12-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша $К_2$ коэффициенті;

2) осы Ереженің 13-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша өткен толық отыз алты айдағы орташа номиналды кіріс коэффициентті.

15. Орташа номиналды кіріс коэффициенті "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша ($К_2$ коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күні жағдайы бойынша) осы Ереженің 13-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша бір кезеңдегі $К_2$ коэффициенттерінің орташа өлшенген өлшемі ретінде есептеледі.

16. Зейнетақы активтері осы ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір қор бойынша $К_2$ коэффициентінің ауытқуы тиісті кезеңнің орташа номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен 30 проценттен кем болмауы тиіс.

17. Ұйым номиналды кіріс көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы қорға оның екінші деңгейдегі банктің банк шотына мына формула бойынша есептелген тиісті ақша сомасын аудару арқылы өтейді:

$S = (C_{cp} - C_t) * Y_{ei}$, бұл жерде

$C_{cp}$ - қордың ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны, бұл ретте зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні мен $К_2$ коэффициенті арасындағы теріс айырма алынып тасталады;

$C_t$ - қордың есеп айырысуды жасау күніне ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$ - қордың есеп айырысу күніне ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің жалпы саны.

$C_{cp}$ мәні мына формула бойынша есептеледі:

$C_{cp} >= ((K_{cp} - (K_{cp} * 30\%) + 100)/100) * C_o$, бұл жерде

$К_{cp}$ - есеп айырысуды жасау күніне сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа коэффициентінің мәні;

$C_o$ - қорда есеп айырысуды жасау күнінің алдында отыз алты ай бұрын болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

18. Көрсетілген сома қор ұйымға номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу туралы талапты қойған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде қордың шотына есептелуі тиіс.

Осы тармақтың талабы ұйым зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы және зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін төлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бір мезгілде болған жағдайларға қолданылмайды.

19. Ұйым кірістіліктің ең аз мәні мен $К_2$ коэффициенті арасындағы теріс айырманың өтеу сомасын есептеген күннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға екінші деңгейдегі банктің растауымен бірге осы соманы есептеу туралы ақпаратты жібереді.

## 4-тарау. 3-пруденциалдық норматив "Жоғары өтімді активтер жеткіліктілігі" 4-пруденциалдық норматив

**"Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға инвестициялау"**

20. Жоғары өтімді активтер жеткіліктілігі күнделікті мәні 1-ден кем болмайтын $К_3$ коэффициентімен сипатталады. $К_4$ коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$К_3$ = ЖӨА( МКЕАМ * 0,3), бұл жерде

ЖӨА - жоғары өтімді активтер;

МКЕАМ - осы Ереженің 3-тармағына сәйкес есептелген меншікті капиталдың ең аз мөлшері.

21. Ұйымның бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға уәкілетті орган белгілеген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін инвестицияларының жиынтық мөлшері осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

**5-тарау. Пруденциалдық нормативтердің сақталуына бақылау жасау**

22. Ұйым әрбір жұмыс күні алдыңғы жұмыс күнінің соңы жағдайы бойынша, сондай-ақ тікелей ағымдағы жұмыс күнінің алдындағы әрбір демалыс күндерінің соңына:

1) $К_1$ коэффициентінің мәнін;

2) $К_4$ коэффициентінің мәнін;

3) алынып тасталды;

4) жүзеге асырылған инвестициялардың "Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға инвестициялау" 4 -пруденциялық нормативке сәйкес келуін есептеуді жүргізуге міндетті.

*Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы* N 123 *қаулысымен* .

23. Ай сайын, бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұйым уәкілетті органға электрондық тасымалдағышта:

1) өткен айдағы $К_2$ коэффициентінің мәндерін есептеулерді (ағымдағы айдың басына зейнетақы активтері осы ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша жеке);

2) осы Ереженің 4-қосымшасындағы үлгі бойынша ағымдағы айдың басына зейнетақы активтері осы ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің өткен айдағы орташа құны туралы анықтаманы беруге міндетті.

24. Осы Ереженің 22-тармағында (осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша) және осы Ереженің 23-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қағаз жазбадағы есептеулерге, сондай-ақ осы Ереженің 25-тармақта көрсетілген пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтерге (осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша) бірінші басшы немесе оның орнындағы адам, бас бухгалтер қол қойып, мөрмен куәландырылады және ұйымда сақталады. Ұйым уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы мәліметтерді қағаз жазбада ұсынады.

25. Уәкілетті орган және ұйым Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес электрондық тасымалдағышта ұйым уәкілетті органға ұсынатын қаржылық және өзге де есеп берудің және ұйым осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық тасымалдағышта ұсынатын пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтер негізінде $К_1$ және $К_3$ коэффициенттерінің мәнін ай айын есептейді.

26. Электрондық тасымалдағыштағы пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтер осы айдың бесінші жұмыс күні Астана уақытымен 18.00-сағаттан кешіктірмей есепті айдан кейінгі айдың бірі күнгі жағдай бойынша ұсынылады.

27. Пруденциалдық нормативтер есебінің есеп беру және қосымша мәліметтердегі деректері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі. Оларды жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге теңестіріліп дөңгелектенеді , ал бес жүз теңгеге тең және одан асатын сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

28. Осы Ереженің 23-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген есептеулер, сондай-ақ осы Ереженің 26-тармағында көрсетілген пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтер электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін пайдаланумен ұсынылады.

29. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз жазбадағы деректермен сәйкестігін ұйымның бірінші басшысы немесе оның орнындағы адамы қамтамасыз етеді.

30. Осы Ереженің 22-тармағына сәйкес есептелген, сондай-ақ $К_2$ коэффициентінің мәндері осы Ережеде белгіленген пруденциалдық

нормативтерге сәйкес келмеген жағдайда, ұйым бір күннің ішінде мұндай сәйкес келмеу фактісі және себептері туралы оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарымен қоса, уәкілетті органға хабарлайды.

31. Ұйым бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлерін және/немесе зейнетақы жарналарын тарту қызметін және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін қоса атқарған жағдайда, пруденциалдық нормативтерді есептеу Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді белгілеу, Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу және олардың орындалуы туралы есептерді ұсыну ережесін бекіту жөнінде" 2005 жылғы 29 қаңтардағы N 17 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде N 3484 тіркелген) белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ереженің 1-қосымшасы

## Дефольт коэффициентінің мәні

| Қаржы құралының сипаттамасы | Бағалы қағазды (салымды) пруденциалдық нормативті есептеген күннен оны өтеу күніне дейінгі (салымның мерзімі өтуі) қалған айналысқа жіберу кезеңі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір жылға дейін-гіні қос-қанда | Бір жылдан артық екі жылға дейін қос-қанда | Екі жылдан артық үш жылға дейін қос-қанда | Үш жылдан артық төрт жылға дейін қосқанда | Төрт жылдан артық |
| "AAA" ("Standard & Poor's" және " Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Aaa" (" Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар | 0,00 | 0,00 | 0,03 | 0,07 | 0,10 |
| Халықаралық кредиттік рейтинг шкаласы бойынша "AAA" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Aaa" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес ұзақ мерзімді рейтинг бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары | 0,00 | 0,00 | 0,03 | 0,07 | 0,10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "ААА" ("Standard & Poor's" және " Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ааа" (" Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар инвестициялық қорлардың пайлары | 0,00 | 0,00 | 0,03 | 0,07 | 0,10 |
| "ААА" ("Standard & Poor's" және " Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ааа" (" Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар екінші деңгейдегі банктердің салымдары | 0,00 | 0,00 | 0,03 | 0,07 | 0,10 |
| "АА" ("Standard & Poor's" және "Fitch " рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Аа2" ("Moody's Investors Service"рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар | 0,01 | 0,03 | 0,08 | 0,16 | 0,26 |
| Халықаралық кредиттік рейтинг шкаласы бойынша "АА" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Аа2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес ұзақ мерзімді рейтинг бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары | 0,01 | 0,03 | 0,08 | 0,16 | 0,26 |
| "АА" ("Standard & Poor's" және "Fitch " рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Аа2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар инвестициялық қорлардың пайлары | 0,01 | 0,03 | 0,08 | 0,16 | 0,26 |
| "АА" ("Standard & Poor's" және "Fitch " рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Аа2" ("Moody's Investors Service"рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар екінші деңгейдегі банктердің салымдары | 0,01 | 0,03 | 0,08 | 0,16 | 0,26 |
| "А" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "А2" ("Moody's Investors | 0,05 | 0,14 | 0,24 | | 0,57 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар | | | | 0,40 | |
| Халықаралық кредиттік рейтинг шкаласы бойынша "A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service"рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес ұзақ мерзімді рейтинг бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары | 0,05 | 0,14 | 0,24 | 0,40 | 0,57 |
| "Am" "Standard & Poor's principal stability fund ratings" кем емес не "Af" "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" кем емес рейтинг бағасы бар инвестициялық қорлардың пайлары | 0,05 | 0,14 | 0,24 | 0,40 | 0,57 |
| "A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар екінші деңгейдегі банктердің салымдары | 05,05 | 0,14 | 0,24 | 0,40 | 0,57 |
| "BBB" ("Standard & Poor's" және " Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" (" Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар | 0,26 | 0,61 | 0,98 | 1,56 | 2,15 |
| Халықаралық кредиттік рейтинг шкаласы бойынша "BBB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес ұзақ мерзімді рейтинг бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары | 0,26 | 0,61 | 0,98 | 1,56 | 2,15 |
| "BBBm" "Standard & Poor's principal stability fund ratings" кем емес не " BBBf" "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" кем емес рейтинг бағасы бар инвестициялық қорлардың пайлары | 0,26 | 0,61 | 0,98 | 1,56 | 2,15 |
| "BBB" ("Standard & Poor's" және"Fitch" рейтинг агенттіктерінің | 0,26 | 0,61 | 0,98 | | 2,15 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жіктелімі бойынша) немесе "Baa2" (" Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар екінші деңгейдегі банктердің салымдары | | | | 1,56 | |
| "BB" ("Standard & Poor's" және "Fitch " рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) немесе "A" (" Standard & Poor's" рейтинг агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздар | 1,20 | 3,43 | 6,06 | 8,40 | 10,46 |
| Халықаралық кредиттік рейтинг шкаласы бойынша "BB" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес ұзақ мерзімді рейтинг бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары | 1,20 | 3,43 | 6,06 | 8,40 | 10,46 |
| "BBBm" "Standard & Poor's principal stability fund ratings" кем емес не " BBBf" "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" кем емес рейтинг бағасы бар инвестициялық қорлардың пайлары | 1,20 | 3,43 | 6,06 | 8,40 | 10,46 |
| "BB" ("Standard & Poor's" және "Fitch " рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе "Ba2" ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) кем емес рейтинг бағасы бар екінші деңгейдегі банктердің салымдары | 1,20 | 3,43 | 6,06 | 8,40 | 10,46 |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | 0,00 | 0,0 | 0,00 | 0,00 | 0,00 |
| Акциялар | 0,00 | 0,0 | 0,00 | 0,00 | 0,00 |
| Қазақстан Республикасының қаржы агенттіктерінің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары ( акциялардан басқа), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары | 0,26 | 0,61 | 0,98 | 1,56 | 2,15 |
